

Сенсорлық бұзылысы бар балаларды оқыту және жалпы білім беру үрдісіне қосу

Орындаған: Сенкебаева Н.С

Тобы: ПиП-807

Тексерген: Алимгазинова Ә.Қ

Жоспар:

- I. **Кіріспе бөлім**
- II. **Негізгі бөлім**
 1. Сенсорлы жүйе
 2. Баланың сенсорлық дамуы
 3. Тифлопедагогика
 4. Сенсорлық бұзылысы бар балаларға білім беру
- III. **Қорытынды бөлім**
- IV. **Падаланылған әдебиеттер**

Сенсорлық жүйе

- ▶ **Сенсорлық жүйе** (лат. *organum sensuum*, лат. *organon* — мүше, ағза; лат. *sensuum* — қабылдау, сезу) — ішкі және сыртқы ортаның түрлі әсерлерін қабылдайтын сезім жүйесі талдағыштардың (анализаторлардың) шеткі бөлігі, яғни рецепторлар. Оған дәм сезімі, иіс сезімі, сипап сезу, көру, есту және тепе-теңдік сақтау рецепторлары жатады.

Баланың сенсорлық дамуы

- ▶ **Баланың сенсорлық дамуы** – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б.





- ▶ Көру қабілетінің бұзылысы сезіну, қабылдау, елестету және т.с. с. бірқатар психикалық процестердің дамуына кері әсер ететін екінші қызметтік ауытқуларды тудырады (көру аумағын тарылту, көру өткірлігін төмендету және т.б.).
- ▶ Қалыпты көретін баланың іс-әрекеті айналадағылардың әрекетіне еліктеуге сүйенеді. Ал көрмейтін бала арнайы ұйымдастырылған оқытусыз өздігінен бағытталған әрекетті қоршаған заттар мен олардың әрекетін мүлдем немесетолық елестете алмау, бұрмалап елестету салдарынан меңгеруге қабілетті емес.

Тифлопедагогика

- ▶ **Тифлопедагогика** (гр. typhlos – соқыр және педагогика) - педагогика ғылымының көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі саласы. Көру кемістігі барлар арнайы оқыту мекемесінде білім алып, жоғары оқу орындарына түсуге жағдай жасалды. Олардың арасында акад. Л.С. Понтрягин және А. Г. Витушкин, проф. В.И. Зубов, жазушылар Н.Островский, Э. Асадов, Н.Силков, А.Притчина, сазгерлер В.Никитин, Н. Поликарпов секілді көрнекті тұлғалар да бар. Тифлопедагогика саласында мол еңбек қалдырған Б.И. Коваленко мен В.С.Сверлов болды.
- ▶ О.Скороходованың еңбектері дефектология ғылымында ерекше орын алады. Оның “Мен қалай қоршаған ортаны қабылдаймын және түсінемін ” атты еңбегінің дефектология үшін маңызы зор.
- ▶ Луи Брайль зағип жандарға оқуға және жазуға мүмкіндік беретін шрифтті ХІХ ғасырдың басында ойлап тапты.

- Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселенің бірі – осы кіші мектеп жасындағы көруі бұзылған балалардың қоршаған өмірін қабылдау ерекшеліктерін анықтау болып отыр, сонымен қатар, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеп, өзімен қатарлы қалыпты балалардың құқығымен тең қылып, қалыпты азамат етіп тәрбиелеу.



- Алғашқы көру бұзылысы кезінде психикалық әрекетіне материалистік мінездеме берген француз ағартушысы Д. Дидроның «Көретіндерге көруі бұзылғанлар жайлы насихат хат» атты оқулығында, ал одан кешірегі әйгілі «энциклопедиясында» (көруі бұзылған бөлімі) қарастыры. Дидроның еңбектері қоғамның көруі бұзылғанларға деген көзқарасын өзгертіп, олардың міндетті түрде арнайы білім алу керектігіне қол жеткізді. Көруі бұзылған адам қараңғылықты сезбейді және қараңғы түнекте өмір сүремін деп ойламайды. Психологиялық жағынын алғанда көруі бұзылғанлық шынында бақытсыздық емес, ол әлеуметтік жайт.



Көру қабілеті бұзылған балалар үш топқа бөлінеді.
1-топ мүлдем көрмейтін балалар;
2-топ көру деңгейі төмен балалар;
3-топ көру деңгейі функционалдык бұзылған балалар. (қыли, амблиопия)



Нашар көретін балалар

- Бұл санаттағы балалардың көру өткірлігі көзілдірікпен түзете отырып жақсы көретін көзде 0 (0 %) мен 0,04 (4 %) аралығында болады. Сондай-ақ, көру өткірлігі жоғары (1-ге дейін, яғни 100 %) бірақ көру аумағы 10-15 градусқа дейін немесе көру нүктесіне дейін шектеулі балалар жатады. Бұндай балалар көруді танымдық және бағдарлық әрекетте шектеулі қолдана алатындықтан олар көрмейтіндер қатарына жатқызылады. Көру талдағышының зақымдану ауырлығы мен сипаты барлық сенсорлық жүйесінің дамуына әсер етеді, қоршаған ортаны танудың басты жолдарын, сыртқы әлемді қабылдау толықтығы мен нақтылығын анықтайды.

Нашар көретін оқушының жұмыс үстелінің орналасқан жері:

Сабақта тақтамен жұмыс істеген кезде мұғалім баланың не жазылғанын жақсы көретіні мен түсінетініне көз жеткізуге тиіс.



Алыстан нашар көретін баланы тақтаға жақын, бірінші немесе екінші партаға, алыстан көретін баланы тақтадан алыс, соңғы партаға отырғызу керектігін ескеру керек. Бұл баланың көру қабілетіндегі ауытқулардың ерекшеліктеріне негізделген.

**Нашар көретін бала сабақтың кез келген кезеңінде
өзінің жұмыс орнынан тақтаға дейінгі аралықта еркін
қозғалу мүмкіндігіне ие болуы тиіс:**

**нашар көретін баланың мектепке құралдарына арналған арнайы шкафты
қарастырыңыз және оған материалды өз бетімен табуды үйретіңіз;**

**егер сыныптағы орындықтар мен үстелдің орналасқан жері ауысса,
оқушыға ескертіңіз;**

есікті және шкафты ашық қалдырмаңыз.

Жұмыс тәсілдері

Сабақтағы көз жүктемесі. Рефракциясында ауытқулары (алыстан көрмеушілік, алыстан көрушілік) бар балалардың көзі қатты шаршайды, сондықтан оларға сабақта мүмкіндігіне қарай түрлі жұмыстар беру керек, яғни көз жұмысын басқа жұмыс түрлерімен кезектестіру керек. Нашар көретін білім алушылар үшін көз жүктемесі үзіліссіз 15 минуттан аспауға тиіс, көз жұмысы кезеңдері арасындағы тынығу кем дегенде 5 минутты құрауға тиіс.



Жұмыс нысандары

Нашар көретін және көрмейтін балаларды оқыту кезінде «Оқу және жазу арқылы сындарлы ойлауды дамыту» стратегияларына шығармашылық тұрғыдан келу қажет:

1. Оқушылардың мәтін оқуын оқитын машинадан, диктофоннан және т. с. тыңдаумен алмастыру арқылы «Джиксо» әдісін бейімдеу, түрін өзгерту.
2. Инсерт кестесін толтыру: көру қабілетінде бұзылыстары бар балалардың сәйкес тұжырымға арналған барынша жарамды бөлімі берілген мәтінмен ауқымды жұмыс кезіндегі не нашар көретін балалар үшін түстік гаммамен, не мүлдем көрмейтін балаларға арналған бедерлі-нүктелі қаріппен өнімді қызметі мақсатында. Кестелерге тезистерді жазудың қажеті жоқ, керісінше дайын, сәйкес қаріппен және түспен терілгендерді мозаикалық тәртіпте орналастыру, тақырып бойынша тұжырым жасау уақытын өнімді қолдану керек.
3. Апликация түрінде кестені ресімдеу үшін ұсынылғандар қатарынан тиісті тезисті таңдауға мүмкіндік беру, бұл «Өткеншек» және «Жәрмеңке» стратегиясына сәйкес келеді.

Қосымша дидактикалық материалдар


Тегіс баспалы оқу құралдар бұл санаттағы балалар үшін қолжетімсіз болғандықтан материалдарды берудің басқа түрлерін таңдау керек: Ақпаратқа визуалды емес қолжетімділік бағдарламалары;




Брайль шрифтiсiмен жазылған оқулықтар мен оқу құралдары



Цифрлік аудиожазба: mp3 және басқа



Көрнекі құралдардың рельефті бейнелері



Қорыта келе, Ұлы педагог Ян Коменский: «Дидактиканың алтын ережесі - көрнекілік» деп орынды айтқан. Қазіргі кезде көрнекіліктің барлық түрін ақпараттық технологиялар беруде. Ақпараттық технология – балалардың қажетті білімді, дағдыны игеруіне таптырмас көмекші құрал. Зердесі бұзылған балаларды түзете отырып оқыту процесінің тиімділігін арттыру үшін ақпараттық технологиялар мүмкіндігін мейлінше мол қолдану – ақпараттық құзыреттілігі қалыптасқан әр педагогтің міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер

- ▶ Engime.org
- ▶ Bigenc.ru
- ▶ Stud.kz
- ▶ Ppt-online.org
- ▶ Slide-share.ru
- ▶ Edu.mcfr.kz
- ▶ Wikipedia.org
- ▶ Erketai.kz